

Біліміден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай



Құрыш қала KZ



khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 28 қазан жұма 2016 жыл № 15 (64)

«Мен перзенті – қызы күнді көтерген,
Қазақ елі деген ұлы халықтың»

Бір ақиқат бар, ол - қазақ төрткүл дүниенің қай қиырында жүрсе де, мейлі Қытайда, Монғолияда, Ресейде немесе Өзбекстанда тұраса да қазақтың қазақ болып қалатыны, сонымен қатар тарихымыз да, тіліміз де, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз да, мәдениетіміз бен әдебиетіміз де



біреу, яғни ортақ. Мұны айтып отырғанымыз, кіндік қаны сонау Өзбекстандағы Қызылқұмда, нақтырақ айтсақ өңшең қазақтар қоныстанған Тамды топырағына тамған халқымыздың аяулы ақыны Өмірзақ Қожамұратов көзі тірі болса биыл 80 жасқа толар еді. Артында өлмес мұра – маржан жыр қалдырған ақын шығармашылығына және алдағы ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Перзентімін елімнің» атты әдеби-сазды кеш №1 кітапхана филиалында болып өтті.

6 - бет

Ана мен нан

егіз ұғым




7 - бет

Қыстағы құтқару жұмыстары ойдағыдай жүргізіледі

3 - бет





Өткен сейсенбі күні «Нұр Отан» партиясының қалалық филиалының мәжіліс залында қаламыздағы үкіметтік емес ұйымдар мен бірқатар мемлекеттік мекемелер өкілдері бас қосқан жиын болып өтті. Жиынды Қарағанды облыстық кәсіпкерлер Ассоциациясының атқарушы директоры Серік Санаубаев жүргізді.

– Біздің облыстық ақпараттық білім орталығы жайында айтар болсам, ол аймағымыздағы үкіметтік емес ұйымдардың кәсіби деңгейінің дайындығын арттыру мақсатында құрылған. Сонымен қатар біраз жылдан бері көптеген жобаларды жүзеге асырып, үкіметтік емес ұйымдардың жұмыстарына орай, атап айтқанда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды алу мен орындау тәртіптері туралы көптеген ақпараттық



Үкіметтік емес ұйым

Бүгінгі таңда елімізде азаматтық қоғам толыққанды қалыптасты десек артық айтқандық емес. Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау әлеуметтік тапсырыс негізінде көрсетіліп келеді. Олар өз кезектерінде әр сала бойынша жұмыстар атқарып, билік пен бұқара арасындағы байланысты нығайтуға атсалысуда.

Мүдде – ортақ, мақсат – бір

кеңестер бердік. Дегенмен, соңғы жылдары бұрынғы белсенділік азайғаны байқалады, қазір 2016 жылды қорытындылай отырып, көкейде жүрген сұрақтарға жауаптар беріп, ортақ мақсат-мүдде жолындағы жұмыстарымызды саралағанымыз жөн болар, – деді ол.

Жиналғандарға бұдан әрі қазіргі кезеңде белең алып отырған қаржылық дағдарыс жағдайында бұрынғы жылдарға қарағанда қаржыландыру

көлемінің төрт есеге дейін кемігені, дегенмен үкіметтік емес ұйымдар жұмысын жақсартуға бағытталған заңнамалық өзгерістердің енгізілгені, нәтижесінде грант жүйесінің пайда



болғаны, сондай-ақ заңда әлі де ширата түсетін осал тұстардың бары жайында жан-жақты айтылды.

Өз тілшімізден



Болашаққа 100 нақты қадам

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғанына 25 жыл толғалы отыр, аймақта да үлкен мереке, айтулы дата – Қарағанды облысының құрылғанына 80 жыл толмақ. Осы күзде ғана металлургтер шаһары өзінің өзінің 71 жылдығын атап өтті.



«Табысты аймақ - мықты ел» дегенді Елбасымыз Н.Назарбаев әрдайым қадап айтып жүр. Бұл шынында да әр қала, әр облыс қаншалықты табысты дамыса, мемлекеттің іргесі де, экономикасы да, әлеуеті де соншалықты берік болады дегенді меңзесе керек. Сол мықтылықты өз қолдарымен, барлық білім білігімен жүзеге асырып жүрген ерлердің еңбегі өз алдына бір төбе. Осы айтулы мереке қарсаңында бірқатар теміртаулық ардагерлердің есімін бөле-жара атасақ артық болмас.

Елбасының үзеңгілесі, сонау алпысыншы жылдары Семейден келіп, Қазақстан Магниткасына жастық жалыны мен жігерін аямай жұмсаған Тоқтархан Ыбырайымұлы Ысқақов күні бүгінге дейін өзінің прокатшы мамандығына адалдық танытып келеді. Ол соңғы жылдары өзінің барлық тәжірибесін металды ыстық мырыштау және алюминдеу сияқты өндірістің

жаңа саласына арнап келеді. табысы айтарлықтай, Елбасымыз Теміртауға келген бір сапарында әріптесінің бұл ісіне риза болып: «Қазақстан шикізат шығаратын елден сапалы дайын өнім өндіретін ірі мемлекетке айналды. Бұл осы комбинаттағы байырғы металлургтердің табысы» деп үлкен ризашылығын білдірген еді. Ал Тоқтархан ағаның өзі болса цех жөнінде. «Бұл цех комбинат ұжымының үлкен жеңісі, біз әлем нарығында аса қымбат тауар шығарып, кәсіпорынның қаржылық мүмкіндігін арттырып отырмыз» дейді. Өке жолын қазір оның ұлы Асқар жалғастырып келеді. міне, Теміртауда осындай еңбек әулеттері баршылық.

Қаланың білім беру саласында өзінің қолтаңбасын қалдырған, тұңғыш қазақ мектебінің директоры болған «ҚР Білім беру саласының үздігі» Дариға Хамзақызы Ахметованың есімі теміртаулықтарға жақсы таныс. Ол қазір де мектептерге барып, балаларға, жас ұстаздарға өзінің өмірлік тәжірибесін үйретуден жалықпайды, оқу орындарымен



тығыз байланыс жасап келеді.

Идеология саласының майталманы, бүгінде 82 жасқа шықса да күн сайын жұмыс орнына асығатын Нина Тимофеевна Вахитова «Теміртаудың құрметті азаматы». Ол басқаратын қаланың ардагерлер кеңесі республика бойынша алдыңғы орында, оның іс-тәжірибесін басқа қалалар мен аудандар да келіп үйренуде.

Бұл тізімді мұнан әрі де жалғастыра беруге болады, тұғырынан тектілерді түлеткен Теміртаудай қаланың арда азаматтары баршылық. Солардың қатарында қала құрылысына қолтаңбасын қалдырған Анатолий Васильевич Филатов, денсаулық сақтау саласының ардагері Александр Васильевна Десятниченко да бар.

Тұңғыш Президент Н.Назарбаев: «Болашаққа 100 нақты қадам – қазақстандықтар табысты ұлт» деп айтқандай, ел бірлігін ұйытып, бейбіт еңбекті еселеп жүрген осындай жандардың еңбегі еленері анық.

Өз тілшімізден

АҚШ ЭКСПО-2017-ге қатысатын болды

25 қазанда «Астана ЭКСПО-2017» ұйымдастырушы кеңсесіне Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысының саяси мәселелер бойынша орынбасары Томас Альфред Шенон басқарған АҚШ делегациясы келді. Алдымен америкалық дипломаттар ЭКСПО павильондарын аралап шықты, кейіннен «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Ахметжан Есімовпен кездесті.

«Мен кеше кешкісін Астанаға келген болатынымын. Бұл менің алғашқы ресми кездесуім, демек бұл біздің ниетімізді көрсеткен нақты жолдау деп ойлаймын. Біз ЭКСПО-2017 қатысатын боламыз. Жаңа ғана АҚШ орналасатын павильонды көрдім. Тамаша ғимарат, таңғажайып павильон» - Томас Альфред Шенон.

АҚШ Мемлекеттік хатшы орынбасары атап өткендей, ЭКСПО АҚШ қарым-қатынас арасындағы маңызды элемент ретінде қарастырылуда. Қазақстан үшін бұл жаһандық, оның ішінде энергетика облысындағы ойыншы ретінде көрсететін үлкен мүмкіндік.

Өз кезегінде, Ахметжан Есімов АҚШ Көрмеге қатысуының маңыздылығын атап өтті. «Биылдың өзінде мен 2 мәрте АҚШ болдым. Баламалы энергия көздерін пайдалану бойынша қаншалықты қарқынды жұмыс атқарылып жатқандығын білемін. Бұл жаңа технология мен заманауи ғылыми жасампаздарды дамыту бойынша алдыңғы қатарлы мемлекет» - деді ұлттық компания Басқарма төрағасы.

Кездесу соңында АҚШ Мемлекеттік хатшысының орынбасары ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысу бойынша процедуралық мәселелерді мейлінше жылдам шешуге тырысатындығын айтты.

Көрме 2017 жылғы 10 маусымнан бастап 10 қыркүйекті қоса алған аралықта Астана қаласында өткізіледі. Көрмеге 100 елден кем дегенде 10 халықаралық ұйымдар, 10 жетекші инновациялық технологиялар компаниялар қатысады деп жоспарланып отыр.

Жалпы алғанда, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін тамашалауға шамамен 2 миллионнан астам адам келеді және 5 миллион келуші болады деп күтілуде.

«Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ

Жылжымалы касса

Коммуналдық қызмет ақысын дер кезінде толық көлемінде жинау үшін қандай да бір әдістерді қолдану артық емес, өйткені жыл сайын қызмет ақысының қарызы азайған емес. Қазір қалада «Оқжетпес-Т» белгісі қойылған жылжымалы касса деген жазуы бар автобусты кезіктіруге болады. Ол көбіне банк бөлімшелері мен кассалар жоқ ескі және соңқала, АБВ орамдарын аралап, тұрғындардың қызмет ақысын жақын жерден төлеуіне жағдай жасауда. Әр дүйсенбі сайын бұл автобус өзінің жұмысын Блюхер көшесі №13 үй, яғни орталық есептеу кассалық бөлімі алдында бастайды. Сол күні қаладағы кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерден ұсыныстар қабылданады, ал келесі күні автобус 8 шағын аудандағы «Пафос» дүкені алдында тұрады. Сәрсенбіде оны ескі қаладағы балалар мен жасөспірімдер театры алдынан көреміз, бейсенбіде жылжымалы касса қызметін 9 шағын аудан тұрғындары пайдалана алады. Жұма күні «Аян-Пассаж» сауда үйінің маңында, сенбіде 70 орамдағы әлеуметтік жәрмеңке аймағында қызмет көрсетеді. Міне, осылайша «Оқжетпес-Т» автобус арқылы жылжымалы касса қызметін ұйымдастырып, тұрғындардың коммуналдық қызметті уақытылы төлеуіне қолайлы жағдайлар жасауда.

Әрине, жоғарыда көрсетілген кесте тұрақты, өзгермейді десек артық болар, егер тұрғындар тарапынан ұсыныстар түсіп жатса, басшылар оны ескеріп, жылжымалы касса қызметінің маршрутын өзгертуге мүдделі. Олай болса, ұсыныс-пікірлеріңізді 99-62-64 телефоны арқылы қызметті өткізу бөліміне хабарласуға болады. Сондай-ақ «Оқжетпес-Т» өздерінің жұмысындағы жаңалықтарды тұтынушыларға дер кезінде жеткізіп отыру үшін сайт ашты. Онда кәсіпорынның жұмыс кестесі, түрлі қызметтік телефондар, тарифтер туралы ақпараттар жазылған. Егер тұтынушылар қандай да бір қызығушылық білдірсе, мына сайтты okjetpest.wordpress.com қарауына болады.

Студенттер қатары өсуде

ҚарМИУ оқу орынында биылғы бірінші курс студенттері үшін арнайы іс-шара өтті. Ол жас қыз-жігіттердің студент атануына арналды. Осыдан он жыл бұрын басталған бұл шара жыл сайын қазан айының ортасында өтіп жүр. Бұл күні студенттерге сынақ кітапшасы және студенттік билет салтанатты түрде тапсырылады.

Биыл ҚарМИУ үшін аса табысты жыл деп айтуға болады, оқу ордасына 800 адам қабылданған. Бұл бытыртғыға қарағанда елу пайыз көп, ал 2014 жылмен салыстырғанда студенттер саны 70 пайыз өскен.

– Біздің биылғы 1-курстықтар аса талантты, белсенді, бәрі де шығармашылық және спорттық ұйырмелерге қатысуда. Бұл аталған мерекеді 2015-2016 оқу жылының қорытындысы бойынша ең үздік студенттер есімдері аталды. Әлихан Балқыбеков, Айдын Есімханова және Татьяна Силаева қатарластарынан озып шығып, үздік атанды. Шынында да бұл жастар нағыз шығармашыл жандар. Бірі өз ісінің үздігі, топ басшысы, енді бірі еріктілер қозғалысының белсенді мүшесі, Қазақстанды әлемдік жарыстарда танытып жүрген спортшылар да осылар. Студенттер кеш барысында бірнеше тапсырмаларды мүлтіксіз орындап, қазірдің өзінде оқу орнының талаптары мен тәртіптерін сақтауда.

Өз тілшімізден




Қала бюджеті

Қала шаруашылығы үлкен механизм, ол сәнді, тұрмыс мәнді болуы үшін қаражат керек. Қаражат түрлі салық көздерінен түседі. Бұл күрделі жұмысты атқару мемлекеттік кірістер басқармасының негізгі міндеті болып табылады.

тиісті түсімдердің іргелік кәсіпорындар мен басқа да салық төлеушілер тарапынан төленуі көңіл көншітерлік негізінен алғанда жеке және заңды тұлғалардан алынатын,

ұстаушы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ өндірісінен түсетін әлеуметтік салық біршама азайды. Өткен жылы жұмысшыларға 13-ші жалақы төленгенімен биыл мұндай көлемді табыс болмағандықтан түсім біршама азайған. Осындай күрделі жағдайға қарамастан Теміртау қалалық мемлекеттік кірістер басқармасы бюджетке қосымша түсімдер жасауды үлкен сеніммен атқарып келеді. Өйткені жергілікті бюджеттің салық базасын кеңейту бұл стратегиялық маңызы бар мәселе. Үстіміздегі жылғы тоғыз айдағы жағдайды саралай келіп салық жинау жоспары бойынша үлкен жұмыс атқарылғанын атап айтқан жөн. Мәселен биыл 438 520,0 мың теңгенің жоспар тапсырмасы бола тура іс жүзінде қазірдің өзінде жылдық жоспар 126 пайыз орындалды. Әрбір жеке кәсіпкерді, заңды тұлғаны бақылау, қоғамдық құрылымдарды, БАҚ-ын кеңінен қатыстырып түсіндіру жұмыстарын жүргізу өзінің оң нәтижесін беріп



отыр. Қазір жыл аяғына дейін екі айдай ғана уақыт қалды, бұл аса қауырт кезең болмақ. Мемлекеттік кірістер басқармасы мамандары барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып салықтық және салықтық емес түсімдердің уақытылы жиналуы үшін өздерінің біліктілігі мен құш-жігерін аямай жұмсайтын болады.

Айдар НҰРПЕЙІСОВ,
Теміртау қалалық
мемлекеттік кірістер
басқармасының жетекшісі

Кірісті көбейту міндет

Кірістер жөнінде мемлекеттік бюджетті сапалы орындап қана қоймай оны уақыт өткен сайын көбейту мамандардың басты парызы, міндетті салық дер кезінде түссе ғана аймақ экономикасы тұрақтанып белгіленген бюджеттік бағдарламалар орындалатын болады. Бұл күн сайын әрбір кәсіпорынмен ұйым, мекемен қоян-қолтық жұмыс істеуді қажет етеді. Осы абыройлы міндетті орындауға барлық біліктілігін жұмсап отырған мемлекеттік кірістер басқармасы басшысы Айдар Жұманұлы Нұрпейісов

қала қазынасының қазіргі жайы туралы аппарат мәжілісінде ортаға салды.

Осы жылғы 1 қазандағы салықтық және салықтық емес түсімдер жоспарының орындалуы 115,2 пайыз жоспарланған 28048750,0 мың теңге орнына 32303939,0 мың теңге түсіп жоспардан тыс 4255189,0 мың теңге жиналды. Республикалық бюджет тапсырмасының орындалуы 130 пайыз деңгейінде. Ал жергілікті бюджетке 15650877,0 мың жиналып жоспардан тыс 338622,7 мың теңге кіріс қосылды.

Экономикалық дамудың күрделі жағдайында мемлекеттік кіріске

жер, көлік салықтарын жинау ойдағыдай. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша барлық тапсырмалардың орындалуы 100-116 пайыз деңгейінде болып отыр. Сондай-ақ аталған салықтар түсімінің өсуі де былтырғыдан әлдеқайда қомақты деп айтуға негіз бар. Әрине мемлекеттік бюджетке салық түсімдерін толтыру ешбір кедергісіз жүріп жатыр десек артықтау болар еді, бұл істе де қиындықтар жоқ емес. Соның бірі жергілікті бюджетке байланысты. Мәселен «Қарағандыцветмет» өндірісінің орны өзгеруіне байланысты қала бюджеті 351 653,0 мың теңгеден айырылды. Сондай-ақ қала



Қарға батпайтын «ТРЭКОЛ» көлігі

Биыл қыс әдеттегіден ерте түсті, қазірдің өзінде жер ақ көрпе жамылды. Қыс кезіндегі негізгі табиғат қиындықтары қалың қардан бораннан туындайтыны мәлім. Ал қардың қалың түсуі біздің аймақ үшін қалыпты құбылыс. Әсіресе жолдарды, елді-мекендерді, кейбір ғимараттарды қар алып қалып қозғалысты, тіршілікті қиындатынының бұрынғы тәжірибелерден көріп жүрміз. Қардың биіктігі кей жерлерде 1 метрден асады. Сөйтіп жолдардағы көру мүмкіндігі 20-50 метрге дейін төмендейді. Мұндай жағдай қалааралық және қала ішілік көлік қозғалысын недәуір қиындатады. Шатырлардың бұзылуына байланыс және электр тогын тарату жүйелерінің үзілуіне әкеп соқтырады. Төтенше жағдайлар бойынша 20 мл.-ден артық қар түсіп ол үздіксіз 12 сағаттан артық жауған кезде аса көп қар жауған болып есептеледі. Сондай-ақ жылдамдығы секундтің 20 метрден асатын жел 12 сағаттан артық соқса аса қатты боран деп тіркеледі. Жол бойын

бір шақырымнан астам мұз басқанда қатты көктайғақ деген белгі қойылады. Міне осындай кезде төтенше жағдайлар басқармасы мамандары сенімді түрде дер кезінде іс-әрекет жасауға мүдделі.

Біздің Теміртау қаласында қысқы кезеңде іздеу, құтқару жұмыстарын ұйымдастыру үшін арнайы топ құрылған, оның құрамында 116 адам, 54 техника бар. Олар 15 кәсіпорын мен ұйымнан бөлінген. Белгіленген кесте бойынша әр 10 күндік бойы кезекшілік жасалады. Қыс кезінде қандай да бір төтенше жағдай қалыптаса қалса өзара құтқару алаттық жұмыстарды бірлесіп атқару үшін іс-қимыл жоспары бекітілген. Қалалық өртке қарсы қызмет гарнизонының авто паркі тез жүретін техникамен толықтырылды. Облыстық бюджет қаражатына 30 орындық қуатты КамАЗ машинасы сатып алынды. Көлік қатынасы қиын жерлерден адамдарды құтқаруға арналған кез келген жерде жүре беретін көлік дайын тұр. Соңғы екі қыс бойы республикалық және

Қыстағы құтқару жұмыстары ойдағыдай жүргізіледі

облыстық маңыздағы автомобиль жолында 12 рет құтқару жұмыстары атқарылып 316 адам, 27 техника қауіпсіз жерге жеткізілді. Теміртау қаласынан бұл жұмыстарға 60 жеке құрам қызметкері, 23 техника тартылды. Табиғи апаттан зардап шеккендерді орналастыратын 5 жылыту орындары белгіленіп дайындалды. Олар:

жұмыстары төтенше жағдай деп танылмағанын айта кеткен жөн.

Қар аса қатты алып қалатын жол бойлары анықталып олардың ұзындығы белгіленді. Ондай жерлер біздің Теміртау қаласы аймағы бойынша 8 жерде бар екені анықталып отыр. Оның ішінде қаладан шыға

БАҚ-тар арқылы халыққа жарияланады. Ауа райының құбылмалы кезінде, қатты дауыл болатыны жөнінде ескертпе жасалғанда құтқару қызметі тәуліктік кезекшілікке көшеді. Бұл қызметті асқан ұйымшылдықпен жүргізу үшін алдын-ала оқу жаттығу жұмыстары өтеді. Биыл 16 – 18 қараша аралығында




30 кісілік қуатты КамАЗ автобусы

«Смак», «Фортуна», «Асего», «Голубая лагуна» кафелері мен автокемпинг. Кәсіпкерлер әкімдікпен арадағы келісім бойынша тиісті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорын жасап жылыту пунктін талапқа сай болуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге осы келісім шарттар бойынша тек төтенше жағдай жарияланған кезде ғана олардың шығындарын өтеу белгіленген. Дегенмен былтырғы қыста қандай да бір апатты жағдайда құтқару

берістегі оң жағалау, Токаревка кенті жолының бір шақырымы және Ақтау кентіне баратын жолдың 200 метрі қар тез басатын учаскелерге жатқызылды. Негізі жол бойындағы көліктердің тоқтауы отынның қатып қалуына байланысты болып келеді. Сондықтан облыстық ішкі істер және төтенше жағдайлар басқармалары бірігіп күн қатты суытқан жағдайда автомобиль жолдарын жабу жөнінде бір шешімге келеді, бұл барлық

Республикалық «Қыс – 2016» командалық штабтық оқу жаттығу өткізілуі белгіленді. Осы жаттығу барысында төтенше жағдайлар қызметінің барлық бөлімшелері сынға түседі. Міне осындай үздіксіз дайындық қыс жағдайында құтқару жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуіне кепілдік бола алады.

Арман АЛПЫСБАЕВ,
Теміртау қалалық
төтенше жағдайлар
басқармасының басшысы



Сабақтастық

**1972 жылы
Қарағанды
металлургиялық
комбинатының
(ҚМК) басшылығы
және қалалық партия комитетінің шешімімен
комбинатта еңбек етіп жүрген қазақ
жастарына арналып «Өнерлі қыз-жігіттер
көркемөнерпаздар үйірмесіне келсін!» деген
хабарлама шығады. Ақпараттан хабардар
болған жастар комбинаттың жанынан
құрылған үйірмеге барып жазыла бастайды.**



Ел жаңалығы

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдайлар жасалған

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсетуді ұйымдастыруда олардың мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімділігін арттыруға ерекше мән беріліп отыр. Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінде арбадағы мүгедектер үшін пандустар, шақыру нүктелері орнатылған. Фронт-офистерді Брайль мәтініндегі ақпараттық тақталармен жабдықтау жұмыстары аяқталуға жақын. Сонымен қатар, жақын арада көзі нашар көретіндерге арналған тактильді жолдар орнату жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, «Азаматтарға арналған үкіметтің» қызметтерін 1 және 2-топтағы мүмкіндігі шектеулі жандар мемлекеттік корпорацияның фронт-офистеріне бармай-ақ ала алады. Мобильдік топты шақыру үшін олар Біріңғай байланыс орталығының 1414 нөміріне телефон шалулары қажет. Мемлекеттік корпорация қызметкері оған 72 сағат ішінде барады. Жыл басынан бері мобильдік топ 20 499 мүмкіндігі шектеулі жандарға барып, 28619 қызмет көрсетті. Олардың ішінде жылжымайтын мүлік пен құжаттандыру бойынша қызметтерге, электрондық анықтамаларға сұраныс көп болды.

Мүгедектер үшін композиттік қызметтерді алу мүмкіндігі де қарастырылған. Мәселен, азамат мүгедектік тобын анықтау үшін комиссиядан өткенде, оның басқа еш жерге баруының қажеті жоқ. Оның құжаттары он-лайн режимінде мемлекеттік корпорацияға беріледі, мұнда барлық жәрдемақы түрлерінің төлемі белгіленіп, оның төленуі де ұйымдастырылады. Бұл Әділет министрлігінің ақпараттық жүйесі мен орталықтандырылған мүгедектік мәліметтер базасын ықпалдастырудың нәтижесінде мүмкін болып отыр. Өтініш қабылдау кезінде қағаз жүзіндегі құжат айналымы болмайды, ал жеке басын куәландыратын құжат жөніндегі, тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтерді электрондық үкімет шлюзі арқылы жеке азаматтардың мемлекеттік мәліметтер базасының ақпараттық жүйесіне налады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында әр түрлі қызметтерде 360 мүмкіндігі шектеулі жан жұмыс істейтінін айта кеткеніміз жөн.

Қазақстанда 571 685 мүгедек тіркелген, оның 293 665-і - I және II топтағы, 210 421-і - II топтағы мүгедектер, 67 579-і - мүгедек балалар. Оларды әлеуметтік жағынан мемлекет қамтамасыз етіп отыр, жәрдемақалар мен әлеуметтік төлемдерді өз уақытында аудару мен төлеуді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жүзеге асырады.

Естеріңізге салсақ, 1993 жылғы маусым айында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мүгедектер күні белгіленген. Ол жыл сайын қазанның екінші жексенбісінде аталып өтеді.

Қ-АҚПАРАТ



Облыс жаңалығы

Жаңғыртылған жолмен танысты

24 қазан ҚР Премьер министрінің Бірінші орынбасары Асқар Мамин жұмыс сапары барысында «Орталық-Оңтүстік» автомобиль дәлізінің Астана – Теміртау бөлігіндегі қайта жаңарту жұмыстарының барысымен таныстыру мақсатында жиналыс өткізді. Жоба «Нұрлы жол» жобасы аясында жүзеге асырылуда.

«Орталық - Оңтүстік» дәлізіне кіретін жаңа Астана - Теміртау тасжолының жалпы ұзындығы 171 шақырым. Қазіргі уақытта жолдың қайта жаңарту жұмыстары аяқталуда. Жылдың қорытындысы бойынша Астанадан Теміртауға дейін аралықтағы жол қозғалысы 4 жолақ бойынша толық ашылуы жоспарлануда.

Жол жобалау жылдамдығы 140 км/сағ. болатын I – техникалық санатты стандарттарға сәйкестендіріліп салыну-да.

Жолдың қайта жаңарту жұмыстары тәулігіне 6000 көліктен 28000 көлікке дейін өткізу мүмкіндігін арттырады.

Жүргізушілерге ыңғайлы жағдай жасау мақсатында Арша-лы ауылы және Ошағанды ауылында жол бойындағы жылыту қызметін көрсететін 2 тұрақ салу жоспарлануда.

Жұмыс алаңдарында 2000 астам жұмысшы және 1200-ге жуық техникалық жабдық тартылған. Жолды жаңарту жұмыстары барысында қолданылатын материалдардың 85%-ы Қазақстан өндірісінің өнімі болып табылады.

Жиналысты қорытындылай келе, ҚР Премьер министрінің Бірінші орынбасары Асқар Мамин «ҚазАвтоЖол» компаниясына нақты тапсырмалар берді, оның ішінде халыққа жай-лы және қауіпсіз қатынас қамтамасыз ету үшін жолдарды қайта жаңарту бойынша жұмыстарды уақытылы аяқтау және атқарылған жұмыс сапасына назар аудару керектігін айтты.

Облыс әкімдігінің сайтынан алынды

1967 - 1969 жылдары Кеңес Армиясының қатарында азаматтық борышын атқарып келіп, Шет ауданы әкімшілігінің қаржы бөлімінде инспектор болып жұмыс істеп жүрген Қиқымов Рамазан Жиенбайұлы 1971 жылдың наурыз айында отбасылық жағдайына байланысты Теміртау қалалық қаржы бөліміне салық инспекторы ретінде ауыстырылады. Қызметтік аударымның болуына да басты себепкер металлургтер шаһарында тұратын анасы, інісі мен қарындасы болған. Құрыштай шойын мен болат өндіруден Одақ бойынша алдыңғы орындарда болған кәсіпорынға қатысты партияның ұстанған саясаты Комсомол жолдамасымен жастарды осы кәсіпорынға тарту болса, бұл ой жас қызметкер Рамазан Жиенбайұлының көңілінен шығады. Сөйтіп Қарағанды металлургия комбинатына жұмысқа баруға бел буады.

Ешқандай мамандығы болмаған соң қатардағы жұмыскер ретінде Комбинаттың металл жабдықтарын құрастыру цехына (ЦМК) «котельщик» ретінде жұмысқа тұрады. Жас кезінен-ақ домбыраның құлағында ойнап, сырнай, мандалина сияқты аспаптарды жетік меңгерген жігіт осы цехта істеп жүріп, өзге де дарынды жастармен бірге зауыттың жанынан құрылған үйірмеге жазылады. Мұнда үйірмеге қажетті жас өнерпаздарды жинап болған соң екі ай орташа жалақыларын сақтай отырып, жұмыстарынан босатады. (құжат 1; орташа жалақыларын сақтай отырып, жұмыстан босату туралы жарлық) Жаңадан құрылған үйірмені кәсіби музыкалық білімі бар, Теміртау музыкалық училищесінің директоры Бүркіт есімді жігіт басқарды.

Ұйымдастырылған үйірменің негізгі мақсаты қазақ өнерін әрі қарай дамытып, оны халық арасында дәріптеп, ата-бабамыздан қалған асыл мұраны Кеңестік заманның қыспағына қарамастан аман сақтап қалу болатын. Бұл мақсат жолында үйірмеге жиналған жастар аянып қалмады. Бар білгендерін ортаға салып, ұлттық мүдде тұрғысында жұдырықтай жұмылып, тез арада мықты өнер ұжымын қалыптастырды.

Өрине, мұның бәрін аталмыш жұмыстардың бастамашысы болған қазіргі Елбасымыз



Нұрсұлтан Әбішұлының сол кезде Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметінде еңбек етіп жүрген кезіндегі ұлт үшін жасаған игі шараларының бірі ғана деп білеміз. Партия қатарындағы ерекше тәртіп пен бақылаудағы қызметіне қарамастан қазақ өнеріне деген өзінің азаматтық көзқарасын өз ұлтының алдындағы адал борышы ретінде, қызметтік лаузымынан да биік қоя білгені айтпаса да түсінікті болар. Өйткені қылышынан қаны тамып тұрған сол уақыттың өлшемімен қарасақ қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, өнерін насихаттау былай тұрсын, екі қазақтың көпшілік ортасында қазақша сөйлесуінің өзі ұлтшылдық мағынада қаралатын. Партияның тәртіптік кеңестерінде талқыланатын.

Осындай солақай саясаттың негізінде жоғарыдағы партия басшылықтарының айтар ескертпелеріне қарамай, өзінің жеке белсенділігі мен ұйымдастыру қабілетінің арқасында комбинат басшылығына ықпал ете отырып, қазақ өнеріне деген жанашырлығын сол ісі арқылы жүзеге асыра білді. Осындай елеулі еңбектің арқасында еліміздің әр түкпірінен Қазақстанның Магниткасына жиналған қазақ жастары өз өнерлерін көрсетуге мүмкіндік алды. Көркемөнерпаздар үйірмесінде домбыра ансамбль, хор, «Қаламқас» вокальды-аспаптар ансамбль және «Жас гүл» ансамбль құрылды.

Ал, тұсауы жаңадан кесіліп, өз қатарларын небір талантты орындаушылармен толықтырған өнер ұжымы Нұра ауданының елді мекендері мен ауыл, аудандарға

концерттер қояды. Өкінішке орай үйірме жұмыстарының белсенді мүшесі болып, тобын алға сүйреп жүрген жастардың бірі Рамазан Қиқымов 1972 жылдың көктемінде өкпесіне суық тиіп, Қарағандыдағы облыстық ауруханада ота жасатады. Содан кейінгі уақытта жеңіл жұмыскер ретінде Электр жабдықтау цехына «Слесарь-медник» жұмысына ауысқан ол, ақыры дәрігерлердің шешімі бойынша комбинаттағы еңбек жолын аяқтап, ондағы үйірме жұмыстарынан да қол үзеді.

Осы жағдайларды еске алып, өткен күннің бағалы естеліктерімен бөлісіп отыруымның өзі «бұрын айтылып, баспасөз беттерінде жазылмаған ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлының Теміртаудағы еңбек қадамының бір парағы ретінде өзінің туған халқына деген патриоттық сезімі, ер азаматқа лайық ұстанымы, ұлтының өнерін ұлықтаудағы шын жанашырлығы сол кездегі қазақ жастарына рух беріп, өзінен кейінгі буынға ұлт өнерін әрі қарай дамытып, Отанымыздың өркендеуіне рухани күш бергенін халқымыз білуі керек» дейді ардагер, ақжарқын азамат.

«Ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, мінезден» деп Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханов мысал еткендей ұлтты сую барлық мақсаттардың ұлысы. Ұлы істі ұлы адамдар ғана жасайды. Оны тарих дәлелдеген. Ал, қазақтың көшін өрге сүйреп жүрген ел Президентінің туған жұрты үшін ат үстінде жүргені бүгін ғана емес, тым ертеден басталса керек.

Шолпан САНАҚБАЙ,
қала тұрғыны



Ата-анаға кеңес

Бүгінгі танда білім беру жүйесінде әрбір оқушылардың қалыптасып дамуына өзі күнбе-күн өмірден сезінетін, еститін, көретін заттары мен құбылыстары, оқиғалары әсер етеді. Мектепке келу әр баланың өміріне өзгерістер әкеледі.

Оқудың бірінші жылы мектеп өмірінің барлық кезеңін айқындайды. Барлық балалар қуаныш сезіміне толқып, шаттанып немесе мектепте болғанына таңырқайды. Осы кезеңде оқушы үлкендердің басшылығымен өз дамуында маңызды қадам жасайды. Бірінші сыныптың бірінші күні немесе бірінші аптасында баланың организмінде өзгеріс болады: ұйқысының бұзылуы, төбеті нашарлауы, күнделікті тәртібінің өзгеруі салдарынан физикалық-психикалық күштеменің жоғарлауы. Бала осы себептерден қыңырлық мінез танытып жатуы мүмкін. Бұл жылы көпшілігі бірінші сынып ата-анасына байланысты болмақ. Сондықтан ата-аналар өз балаларына ерекше көңіл бөлгені дұрыс.

Оқушының мектепке бейімделуі



Бірінші қыркүйек – мектеп табалдырығын аттап жатқан бала үшін де, ата-анасы үшін де елеулі қадам. Мектеп туралы жақсы ой қалыптасу үшін, ынтасын арттыру үшін ең бірінші ата-ананың балаға берген ақылы мен түсінігі маңызды болып келеді. Ата-ана тарапынан балаға қысым көрсету қолданылмауы тиіс. Сондықтан сіздердің назарларыңызға кеңесімізді ұсынамыз.

Баланы жайлап оятыңыз: ояғанда ол сіздің

күлімдегеніңізді көріп, еркеткен дауысыңызды естісін. Таң атпай оны ұсақ - түйекпен асықтырмаңыз, кеше ескерткен болсаңыз да, қателіктері мен жаңсақтықтары үшін кінәламаңыз.

Баланы мектепке таңғы асыз жібермеңіз: мектептегі тамақтануға дейін оған көп жұмыс істеу керек болады.

Қоштасарда ескерту, ақыл айтыңыз: тентек болма, өзіңді жақсы ұста, бүгін жаман бағалар болмасын және т. б.

Балаға сәттілік тілеңіз.

«БҮГІН ҚАНДАЙ БАҒА АЛДЫҢ?» деген сөзді ұмытыңыз. Мектептен кейін баланы байыпты қарсы алыңыз, оған көп сұрақтар қоймаңыз, босаңсуға мүмкіндік беріңіз.

Егер балаңыздың ренжүлі, бірақ үндемейтінін байқасаңыз, сұрап қинамаңыз, саябырланған



минут үзіліс қажет.

Сабақ орындағанда үстінен төніп тұрмаңыз, Өзіне жұмыс істеуге мүмкіндік беріңіз, бірақ сіздің көмегіңіз керек болғанда сабырлық сақтаңыз. Байыпты сөйлеп, қолдау, мақтау қажет.

Баланың бас ауруына, шаршауына, көңіл – күйінің нашарлауына шағымдansa, назар салыңыз. Бұл көбінде қажудың, сабақтағы қиналудың басты көрсеткіштері болады.

Егер Сіз бен Біз баланың жаңа жағдайын, олардың жас ерекшелігін ескеріп тапқырлық танытсақ біздің балаларымыз бейімделу кезеңін оңай өтеді.

**Қымбат ДҮЙСЕБЕКОВА,
Ғабиден Мұстафин
атындағы №5 қазақ орта
мектебінің психологы**



Ізгі ниет

Ұстазым - ұлағатым, үлгі - өнегем

Адамзат баласы жер бетіне жаралғаннан бастап ілім іздеп, оқу оқумен қатар жер жаһанның құпия сырларын ашумен келеді. Талмай еңбек ету мен ізденістің арқасында өзіне де, өзгеге де дүниенің құпиясын ашып көрсетпек. Осы тұрғыда еңбегі өлшеусіз, өз баласынан өзгенің баласын артық көріп, қамқор бола білетін жан ол – ұстаз. Өз бойындағы жақсы қасиеттерді, алған білімін шәкіртінің бойына дарытып, аянбай еңбек ететін жандар. «Ұстаз - ұлы тұлға», - дегендей бәріміз де ұстаз алдынан өттік.

Ұстаздың еңбегінің арқасында өкімде, не бір өнертапқыш та, әнші, биші бәрі де ұстаздың салған сара жолымен жүрген жандар десем қателеспеймін. Ұстаз - таңнан қара кешке дейін мектеп партасымен бірге барлық өмірін бала тәрбиесіне арнап, сапалы білім берумен қатар өмірге дұрыс бағыт – бағдар бере білетін жан.

Біз 2011 жылы бастауыш мектепті енді ғана бітіріп, орта буынға аяқ басқан шағымызда осындай үлкен ғимаратқа



ауысып, жаңа оқу жылын бастап едік. Міне, содан бері бес жыл уақыт өтіпті. Алғаш келгенде таңырқай, тосырқай қараған білім ұясы бүгінде көркейіп, кемеліне жетіп, қала мектептерінің арасында өзіндік орны бар үлкен білім ошағына, қанша оқушының сүйікті мектебіне айналды. Біз, №4 жалпы білім беретін орта мектептің 11 «А» сынып оқушылары бүгінгі күні ардақты ұстаздарымызды, сүйікті мектебімізді 5 жылдық мерей тойымен құттықтап, құрметтеу, оларды қадірлей білу мақсатында «Ұстазым – ұлағатым, үлгі - өнегем!» атты мерекелік іс-шара өткіздік.


Мектебімізде бұл күнді өзін-өзі басқару күні деп алып, барлық сабақтарды өзіміздің ізбасарларымыз 10-сынып оқушыларымен бірлесе отырып өткіздік. Бізге жауапкершілікпен тапсырылған сыныптарға сабақ беріп қана қоймай, оқушылардың тәртібін де қадағалауды өз жауапкершілігімізге алдық. Ал ұстаздар бұл күні бір сәт болса да өткенді еске алып, оқушы болып партада отырып, берілген қызықты тапсырмаларды белсенді орындап отырды. Осындай қызықты да әсерлі күн әрі қарай ұстаздарға арналған мерекелік концертпен жалғасты.

Мектептің мәжіліс залы сахнасы безендіріліп, дәлізіне қызыл кілемше төселіп, кілемшенің екі шетінде тілектер айтып тұрып, әсем әуенмен ардақты ұстаздарымызды қошеметпен қарсы алдық. Мерекеге ардагер ұстаздар да шақырылып, төріміздің қадірлі қонағы болды. Мерекелік іс-шара қазіргі заман талабына сай жаңа үлгіде өткізілді. Ұстаздарымыз бізбен бірге билеп, ән салып, ұстаздарымызға айтқан жарасымды әзілдеріміз де болды. Сахна шетінде тұрған лэд-экранда ұстаздармен бірге түскен қызықты видео-суреттеріміз, оларға арнаған тілектеріміз бейнеклип ретінде көрсетілді. Концерт соңында мұғалімдерге арнаған төсбелгілерімізді сыйға тартып, естелікке суретке түстік. Осы сәтте әр ұстаздың жымиғаны, күлгені біз үшін үлкен жетістіктердің бірі болды. Бізге алғыстарын білдіргенде өзіміздің жауапкершілігімізді атқара алатынымызды сездік. Біздің қуанышымызда шек болған жоқ. Осыған орай бізге сеніп, қолдау көрсеткен ұйымдастырушы-педагог

Гүлнара Досымоваға, 11 «А» сынып жетекшіміз Махаббат Жабағинаға алғысымыз шексіз. Осы ұстаздарымыздың арқасында осындай жетістікке жетіп отырмыз.

Ұстаздар, сіздерге мың да бір алғыс! Шәкірттеріңіз аса мейірімді, сөзіне берік, шыншыл мінезді, жүрегі батыр, жаны жомарт, пейілі дархан, ерен еңбекшіл, ойы өткір болсын! Жұмыстарыңыз жемісті, ғұмырларыңыз ұзақ болсын!

**Сабина БЕКБЕРГЕНОВА,
№ 4 орта мектептің 11 сынып
оқушысы**



Өмірзақ Қожамұратовқа – 80 жыл

Бір ақиқат бар, ол - қазақ төрткүл дүниенің қай қиырында жүрсе де, мейлі Қытайда, Монғолияда, Ресейде немесе Өзбекстанда тұраса да қазақтың қазақ болып қалатыны, сонымен қатар тарихымыз да, тіліміз де, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз да, мәдениетіміз бен әдебиетіміз де біреу, яғни ортақ. Мұны айтып отырғанымыз, кіндік қаны сонау Өзбекстандағы Қызылқұмда, нақтырақ айтсақ өңшең қазақтар қоныстанған Тамды топырағына тамған халқымыздың аяулы ақыны Өмірзақ Қожамұратов көзі тірі болса биыл 80 жасқа толар еді. Артын-да өлмес мұра – маржан жыр қалдырған ақын шығармашылығына және алдағы ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Перзентімің елімнің» атты әдеби-сазды кеш №1 кітапхана филиалында болып өтті.



бір жыл өткесін қайным өзі қайтып келді, Зәуре есімді қызы болғанын кейін естідік, -дейді ақын жайында

нағашылы-жиенді дегендей бір-бірін танытын адамдар, сондықтан олар әлгі мақаланы оқып, сыналған екі қыздың Өмірзақпен рулас екендігіне танданып, „Мұнысы несі?“, деп біраз әңгіме айтқан көрінеді. Сонда сыналған қыздардың ата-анасы „Өмірзақтың жазғаны жөн, өйткені ол қыздарымызға сабақ болды, үлкен қателіктердің алдын алуына мүмкіндік берді,“ деп Өмірзаққа ренжімей, керісінше оны құптаған екен.

Әдеби-сазды кеште Өмірзақ ақынның сөздеріне жазылған әндер орындалды, сонымен қатар арнайы жасалған кітап көрмесіне қойылған жәдігерлермен жақыннан танысудың сәті түсті. Ақын кітаптарынан басқа менің жеке мұрағатымда сақталған Тамды аудандық «Социалистік шаруашылық» газетінің ақынның көзі тірісінде жарық көрген сарғайған сандары оқырмандар назарын аударды. Мысалы, 1977 жылғы 17 мамырдағы №59 (3583) санында ақынның «Қазақстан» деген өлеңі «Социалистік Қазақстан» газетінен көшіріліп басылса, 1979 жылғы 14 шілдедегі №71 (3906) санында «Ауылдың әнші қызына» деген өлеңі жарық көріпті.

Ақын жайында Теміртаудың бас ақыны Қасым Ботанов, ардагер металлург, «Халықтар достығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ильяс Баймырзаев, «Құрыш қала КЗ» газетінің журналисті Серікгүл Алтайбаева ой-пікірлерін ортаға салып, ақын жырларын оқыды. Өмірзақ ақынның «Суырып алмас жырын қын түбінен, Дәлелдеп бердің оның төрін, бағын» деп мен жоқтаған сыншы Зейнолла Серікқалиев кезінде: «Тума талант туындыларынан бұрыннан хабары барлар, әрине, жоғалтқан асылымен қайта табысады, ал жеткіншек буын өздерімен етене туыстасар тыңнан тұмса тағы бір жыр өлемін ашады» деген екен. Осының бір көрінісі ретінде №4 орта мектептің 11-сынып оқушылары Өмірзақ Қожамұратовтың әр тақырыптарда жазған жырларын жатқа оқып, кеш көрігін қыздырғандарын да айтып өткеніміз жөн. Ал №1 кітапхана филиалының кітапханашылары ақынның өмір жолы мен өлеңдерін қамтыған арнайы буклет жасап, оқырмандарға таратты.

-Керегі не маған атақ, даңқтың, Еңбегіммен өз жолымды тауыппын.

Мен перзенті – қызыл күнді көтерген,

Қазақ елі деген ұлы халықтың, - депті ақын Өмірзақ Қожамұратов «Перзентімің елімнің» деген өлеңінде. Елін сүйген ер барда, ерін дәріптеген ел барда қазақ халқы мен оның бай мұрасы, өнері, әдебиеті мәңгі жасай бермек.

Ақын Өмірзақ Қожамұратовтың 80 жылдығына арналған әдеби-сазды кеш осылайша Теміртау жұршылығының мәдени өмірінің бір парасына айналды.

Руза АЛДАШЕВА

– Жұт орнаған жылдарда жұқармаған,
Жұқармаған ей, менің жұпар далам.

Домна болып оянды киелі жер,
Киелі жер төсінде құт орнаған, - деп жырлаған Өмірзақ ақын мен Отаннан жырақты жүрген әрбір қазақты киелі қазақ топырағынан бөле-жара қарау тіпті де мүмкін емес. Сондай-ақ:

– Ерліктерім жасантып боз даланы,
Келешекке шежіре сөз болады.
Қарасан да қай тұстан Қазақстан,

Болашаққа күмбірлеп қозғалады, - деген жыр жолдары Өмірзақ ақынның еңсесі биік еліміздің кемел келешегіне өзі өмір сүрген кезеңде-ақ көз тігіп, тұшына жырлағанын көрсетеді.

Әдеби-сазды кеште №4 қазақ орта мектебінің ұстазы Оңдасын Оразов баяндамса жасап, ақынның өмір және еңбек жолынан аз-кем мағлұмат берді, сонымен қатар өлең өлкесіндегі өзіндік орны жайында айтты.

-Шынымды айтсам, мен Өмірзақ жырларымен ауылда жүргенде емес, Алматыдағы студенттік шағымда жақын таныстым. Оның ақындығы жайында белгілі ақын-жазушылардың ой-пікірлері төбемді көкке жеткізді. Әсіресе Өмекеңнің туған жер туралы өлеңдері жанымға қуат береді, - деді ол.

Мұнан соң халқымыздың «Өкең өлсе де, өкеңнің көзін көрген өлмесін» деген тәмсілін ұстанып, жиналған оқушылар мен оқырмандарға ақынның көзін көрген, бір ауылдың ауасын жұтып, жеңге мен қайны ретінде сыйласқан, бүгінде қаламыздың тұрғыны, алтын алқалы ақ әже Түймеш Оразымбетова өз естеліктерімен бөлісті.

– Ақынның әкесі Тамдыдағы ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау мекемесінде агент болып жұмыс істеген, ал анасы Злиха ірі денелі, кең пейілді әйел, ол ешқайда жұмыс істемеген, үй шаруасында, бала тәрбиесімен айналысқан. Өмірзақ отбасыдағы бес ұл, екі қыз, яғни жеті перзенттің бірі. Шахматты(біреулер шахмат емес, дойбы дейді) шебер ойнапты, сонымен қатар кір тасы мен штанга көтеріп, шымыр денелі болып өсіпті. Тіпті бесінші-алтыншы сыныпта оқып жүргенде сөмкесінің ішіне кітап-дөптерлерімен қоса бір кірпіш салып жүретін көрінеді. Мұның мәнісін сұрағандарға



Әдеби-сазды кешке қатысушылар

„Шынықсаң-шымыр боласың,“ деген, сөмкемді екі қолыммен кезек-кезек көтеріп, жаттығамын, дейді екен. Ол жоғарғы сыныпта оқып жүргенде әкесі үй салды, ал балалары балшық илеп, қолдан кірпіш құяды. Сонда әкесі: „Менің Өмірзақым нағыз стахан, өйткені үш інісінің қосылып атқарған жұмысын бір өзі әп-сәтте тындырады,“ деп үнемі мақтау айтып отырады екен. „Стахан,“ дегені сол кездері еліміздің барлық түкпірінде „стахановшылар қозғалысы,“ белең алған, содан әкесінің сүйсініп айтқаны екен. Бұл сөзді Өмірзақтың жеңгелері, яғни рулас ағаларының әйелдері іліп әкетіп, „Стахан қайным,“ деп атап кетті.

Қайнаға (ақынның әкесі – Қожамұрат) жасы алпыстан асқан кезінде жаман аурумен ауырып, дүние салады да, үйдегі бар ауыртпалық Өмірзақтың мойнына түседі. Ол мектеп бітірген соң жоғарғы оқу орнына оқуға түсе алмай, шопандарға қора салып, шөпке шығып дегендей, қара жұмыстар атқарды.

Көзіммен көргенімді айттайын, ол өте сұсты болатын, біз, жеңгелерінің өзі жүзіне тура қарай алмай, именетінбіз. Ара-тұра үйге келіп, „көке,“ деп ағасымен амандасып тұратын. Бір жолы келгенінде отағасым ауылдың бір адамдары туралы айтып жатқан сонда стахан қайным: „Көке, иттен ит туады, күшті күшім деме, ауызыңды жа-

лайды, оны неге мақтайсың?,“ деді. „Адамды тұрмыс билейді,“ деген сөздің жаны бар, қайнаға өмірден озған соң, олардың тұрмыстары нашарлап, жағдайлары қиындап кетті. Ауылдан ұзап кетуге бауырларын, анасын қимады, ал Тамдыда оның өлеңі тұрмақ өзін де ұғатын, түсінетін жан болмады ол кезде. Өте шыншыл еді, жағымпаздар мен парақорларға жаны қас болатын, жұрттың бәрі сескенетін. Көбіне темекісінің түтінін бұрқыратып, ауланың ішінде теңселіп жүретін де қоятын. Анасы марқұм менің отағасымның атын атамай „жақсы жігіт,“ дейтін. Сосын: „Балам „жақсы жігіттің,“ шарбағына кірсе жаманаты шықпайды,“ дейтін. Себебі, рулас ағайын болған соң, жаманын жасырып, жақсысын асырамыз, соған риза болғаны шығар. Бірнеше рет Алматыға барып, көп тұрақтамай қайтып келді. Онда оқыды ма, жұмыс істеді ме, ол жағын білмейміз. Сөйтіп жүргенде шешесі де ерте қайтыс болды. Бір жолы Алматыдан үйленіп, Ұлман есімді келіншек әкелді, ол домбыра тартады екен. Содан бір күні біз мал сойып, үйге шақырып қонақ еттік. Отағасым басқа да ағайын-туыстарды шақырып, жаңа түскен келіннің қолына домбыра беріп, оның өзімен, өнерімен танысуға мүмкіндік берді. Арада екі ай уақыт өткесін екі жасты Алматыға шығарып салдық. Содан

Түймеш Оразымбетова.

Сөз реті келгенде мынадай әңгімені де айта кеткенді жөн көрдік. Тамды ауданының орталығында сонау 1970 жылдары жаңа типтік ықшамаудан бой көтереді. Сонымен қатар екі қабатты тамаша ғимарат салынып, оның бірінші қабатында гастронном, ателье, шаштараз, фото-студия жұмыс жүргізсе, екінші қабатында „Көктем,“ рестораны ашылады. Сол мейрамханаға Самарқанд қаласынан аспазшы мамандығы бойынша техникум бітіріп келген тамдылық екі қыз жұмысқа орналасады. Бұл жөнінде аудандық „Социалистік шаруашылық,“ газетінде „Жас келсе - іске,“ деген тақырыппен мақала басылады. Бұл 1972-73 жылдар болса керек. Ал Өмекең сол кезде аудандық газетте қызмет атқарады екен. Содан бір күні түсті үзіліс кезінде мейрамханаға түстік ішуге барады. Алдына әкелген тағамдарға көңілі толмаған ол дереу мейрамханадағы ас мәзірін жасайтын Нұржамал есімді келіншекті шақырып, мән-жайды түсіндіруді талап етеді. Ақыр-соңында тағамнан бірқатар кемшіліктер анықталады. Өмірзақ Қожамұратов сол жолы аудандық газетке „Шөже басыңнан жемқор болсаң, тауық болғаныңда қапта тары қалмайды,“ деген сын мақала жазады. Тамды ауданының тұрғындары құда-жегжат,



Еңбек – ырыс бұлағы




Өтіпті уақыт мініп алып құр атқа,
Тау шөгіпті – айналыпты қыратқа.
Өзгеріпті адамдар мен қоғамдар,
Нанның дәмі өзгермепті бірақ



Күләй еңбек жолын осылай бастаған еді

еді сол жолы Нұрсұлтан Назарбаев. Завод ұжымы Елбасының, қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтың бұл келісін жақсылыққа балап, ескерткіш суретке түскені бар.

Қала жылнамасы жазылған мерейтойлық кітапта «Бидай-нан» заманауи материалдық-техникалық деңгейде дамып, нарықта өзін тұрақтылығымен танытқан көп салалы кәсіпорын. Онда қазір екі жүзге жуық түрлі нан өнімдері шығарылады, 250 жоғары сыныпты маман, наубайшы, кондитер, технолог жұмыс істейді» делінген. Басында Теміртау нан заводы деп аталған бұл кәсіпорынның қаланың екі жерінде цехтары жұмыс істеген еді. Қазір аты өзгергенімен негізгі қызметі сол баяғыша халықты дәмді жұпар иіс аңқыған нанмен, тоқашпен, түрлі тәттілермен қамтамасыз ету. К.Бидайбекова басшы болып тұрған кезде қалыптасқан



Ана мен нан егіз ұғым

та, – деп ақын жырлағандай, адамзаттың өміріне арқау болған құдіретті ас – нанның қадірі әрдайым жоғары, қандай бір қиыншылық кезеңде де, тоқшылықта да ол өмірдің өзегі. Ал бүкіл саналы ғұмырын сол қасиетті асты пісіріп, елге ұсынуға арнаған жандардың еңбегін ырыстың бұлағына айналған десек артық болмас. Теміртау қаласында «Бидай-нан» деп аталатын нан заводы осы шаһармен бірге өсіп, өркендеп келеді. Ал біздің бүгінгі әңгімімізде тілге тиек етіп отырған кейіпкеріміз Күләй Теметайқызы

бастап өзінің еңбек жолын нан пісіру саласымен байланыстырды, әуелде қарапайым технолог болса, біраз уақыт зертхананы басқарды, он жылдай кәсіпорынның бас инженері, он екі жыл завод директоры міндеттерін абыроймен атқарды. «Тамақ өнеркәсібінің үздігі» деген белгі ол жылдары екінің біріне беріле бермейтін үлкен марапат болатын. Күләй Теметайқызы басшылық еткен жылдары Теміртау нан заводының ерекше бір өнімді, сапалы және нан-кондитер бұйымдарының түр-түрін шығарған жұлдызды шағы



К. Бидайбекова отбасымен



Н.Назарбаев «Бидай - нан» заводының ұжымымен, 1998 жыл

өзінің жарты ғасырлық өмір жолын осы кәсіпорынмен байланыстырып, барша жұртшылыққа хош иісті нан сыйлаған жан. Ол орта мектепті медальмен бітіріп, басқа құрбыларындай мұғалім, не дәрігер емес, тамақ өнеркәсібінің маманы болуды таңдапты. Сөйтіп, Ресейдің Воронеж қаласындағы нан, кондитер және макарон өнімдері инженер-технологтарын даярлайтын жоғарғы оқу орнын ойдағыдай аяқтады. 1963 жылдан

болғанын ел жарыса әңгімелейді.

Тоқсаныншы жылдары экономика құлдырап, жер-жермен байланыс үзіліп, керек-жарақты алу қиындаған шақта да іскер басшының біліктілігі арқасында нан заводы өз жұмысын тоқтатқан емес. Қайта жергілікті өнімдерді ұтымды пайдаланып, қалдықсыз өндіріс жасаудың көзін тапты. Нанның ассортименті көбейіп, оның сыртында сұйық май, шұжық сияқты басқа да сапалы

тағам шығару жолға қойылған. Жаңа жабдықтар алынып, автоматтандырылғаны да осы тұс. Қара темірдің қазанын қайнатқан Қазақстан Магниткасы ошағына табан тіреген бір сапарында Елбасы осы «Бидай-нанға» арнайы кіріп, онымен танысуының өзі заводтың аса беделді кәсіпорын екендігін көрсетсе керек. «Бидай-нан» АҚ сияқты кәсіпорындар біздің еліміздің экономикасын өсіруге үлкен үлес қосады» деп бағалаған

техникалық бақылау әлі де қатал, стандарт талаптарына сай жұмыс істейді, наубайшылар ғасырлардан келе жатқан нан пісіруді жаңа әдістермен пісіруді үйлестіріп отыр. Қазір «Бидай-нан» өнімдерін Теміртау ғана емес, Астана, Қарағанды сияқты ірі қалалардың өзі жоғары сұраныспен пайдаланады.

- Біздің нан заводы жұмысының басты принципі жоғары сапа және мұқият тазалық. Бірнеше рет «Қазақстанның ең үздік тауары» байқауында жеңімпаз атандық, - дейді кәсіпорынның қазіргі директоры Лидия Гаража.


«Бидай-нан» қалалықтар үшін маңызды өндіріс ретінде оның қоғамдық өміріне де белсене араласады. Қайырымдылық шараларынан қалыспайды, әрбір мерекеге, даталы күндерге өз тарапынан сый-сияпат жасап тұрады. Биылғы Астана күні қарсаңында салмағы 70 келі тартатын үш қатарлы торт жасап, мерекелік шарада тұрғындарға тегін таратты. Міне, сонау алпысыншы жылдары Талдықорғаннан түлеп ұшып, өзінің еңбегімен еленіп, «Теміртау қаласының құрметті азаматы» атанған Күләй Теметайқызы Бидайбекованың еңбегі осылайша жоғары бағаланып, оның шәкірттері мен ізбасарлары жалғастырған ұрпақтар сабақтастығы өзгелерге үлгі боларлық.

Күләй Бидайбекованың отбасылық өмірі де басқаларға өнеге, жолдасы марқұм Михаил Жұмабеков Ленинград химия институтын бітіріп, қаламыздағы

синтетикалық каучук заводында ұзақ жыл инженер, басшылық қызметтер атқарды. Ұлы Талғат Мәскеуден гендік инженер мамандығын игерген, бүгінде Англияның үлкен бір ғылыми институтында жұмыс істейді. Ал қызы Эльмира дәрігер ретінде халық денсаулығын қорғауға сүбелі үлесін қосып жүр. Теміртаулықтарды хош иісті нанмен қамтамасыз етуге үлес қосқан Күләй Теметайқызы бүгінде немерелерінің сүйікті әжесі, ол пісірген дәмді тоқаштарды немерелері сүйсіне жеп, үнемі ризалықтарын білдіреді. Барлық саналы ғұмырында адам баласына дәмді нан сыйлаған Күләй Теметайқызы Бидайбекова сынды әйел-ананың өмірі мәнді де сәнді деп айтуға толық негіз бар. Ол қазір де қатардан қалған жоқ, қаламыздағы ардагерлер қозғалысының белсенді мүшесі. «Теміртаудың құрметті азаматы» ретінде оның өсіп-өркендеу барысын үнемі қадағалап, жастармен кездесіп, ұлағатты, өнегелі өмір жолы туралы айтып береді.

Биыл еліміздің Тәуелсіздік алғанына 25 толып отыр. Осы тарихи кезеңде қаланың дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған, сөйтіп елдің құрметіне бөленген Күләй Бидайбекова сынды аналардың өмір жолы баршаға өнеге. Біз кейіпкерімізді осы ел егемендігі мерекесімен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Еске алу

«Алғашқы қарлығаштар қатарында болып, есімі Қазақстан Магниткасы тарихында мәңгі жазылған ағаларымыздың бірі Арғын Жүнісов болатын. Арғын есімі Теміртауды жырға қосқан талай ақынның өлең жолдарына арқау болып енген. Магнитка туралы әңгіме қозғалса, алғашқы буынның өкілі Арғын аға алдымен ауызға алынады. Оның жастарға тәлім-тәрбие берудегі, металлургтердің жаңа легін дайындап шығарудағы еңбегі ұшан-теңіз. Өз еңбек кітапшасында бір ғана: «Қазақметаллургия заводына жұмысқа қабылданды» деген сөз жазылған жандар аз емес».



Арғын ЖҮНИСОВ
(1928 - 2015 ж.ж.)

Теміртаудың тарланы

Бұл құрыш қаланың 60 жылдығына орай жарыққа шыққан «Тұғыры биік Теміртау» кітабынан үзінді. Ол кітаптың әр бөлімінде Арғын Жүнісовтың есімі жиі кездеседі, өйткені он төрт жасынан қабырғасы қайысып қара жұмысқа кірісіп, металлургияның қара қазанында шынығып, болаттай берік, құрыштай қайратты болып, ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, «Еңбек Ері» атанған Арғын Жүнісовтың өмірден өткеніне жыл толып отыр. Күні кеше ортамызды толтырып жүрген ардақты ақсақалды бүгін сағынышпен еске алғанды жөн көрдік.

Біздің «Құрыш қала» газетінің алғашқы саны 2011 жылдың 23 қарашасында жарық көрді. Оны дайындау барысында газеттің бірінші санында міндетті түрде Арғын Жүнісов туралы мақала болуы керек деп мен ардагердің



Атануға көнігі Еңбек Ері,
Сен әбден лайықтысың!
– деп арнау өлең жазған болатынмын.

– Өлеңімді оқығам қалқам, мың алғыс. Мен бұл атақты алсам да, алмасам да осы кейпімдемін, елім үшін еткен еңбегімді ешқашан бұлдамаймын. Дегенмен, бұл атақтың ұрпағым үшін үлкен мәртебе болғаны рас. Шынымды айтсам, бұл маған қырық жыл кешігіп жеткен марапат. Төпсе темір үзетін қырық екі жасымда «Еңбек Ері» атануға лайық деп танылғаныммен, сол кездегі кеңес үкіметінің саясатынан әрі аса алмай. «өтпей» қалғаным бар, – деген болатын.

Бүгін Арғын Жүнісовты сағынышпен еске ала отырып, ақсақалдың осы сөзін оқырмандарға жеткізуді міндетім деп санадым. Иә, талай тектілерді түлеткен киелі мекен – Теміртаудың тарихында металлургияның даңқын асырып, өзі де шыңдалған құрыштай арда азаматтарымыз баршылық. Ұзын-ырғасы оннан аса «Социалистік Еңбек Ері» шыққан бұл шаһар өз перзенттерінің бойына қара нардай қайыспас қайсарлық пен темірдей беріктік секілді қасиеттерді дарытатыны да рас. Сондай алыптың бірі Арғын Жүнісов сексеннен асып, тоқсан жасқа тақап барып, яғни 87 жасында былтыр өмірден өткен еді.

Арғын Жүнісовтың жарқын бейнесі теміртаулықтардың жадында мәңгі сақталары анық. Бүгін біз еске алып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дейміз.

Руза АЛДАШЕВА

Құрметті Теміртау қаласының тұрғындары!

Сіз барлық қажетті анықтамалар мен қажетті құжаттарды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының офис-майдандарда келесі мекен-жайлар бойынша алуыңызға болады:

Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 23 (анықтама телефоны: 98-69-93), Димитрова көшесі, 99 (анықтама телефоны: 40-00-45, 40-00-44), сонымен қатар Республика даңғылы 128 (анықтама телефоны: 99-79-98) жүгінуге болады.

Мемлекеттік корпорацияның офис-майдандары арқылы азаматтарға 530 мемлекеттік қызметтер қолжетімді екенін естеріңізге саламыз. Барлық офис-майдандар азаматтарды сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін дүйсенбіден сенбі бойынша, түскі үзіліссіз қабылдайды.

Уважаемые жители г.Темиртау!

Вы можете получить все необходимые справки и оформить нужные документы во фронт-офисах госкорпорации «Правительство для граждан» по следующим адресам:

г.Темиртау, ул. Блюхера 23 (телефон для справок: 98-63-93), ул.Димитрова, 99 (телефон для справок: 40-00-45, 40-00-44), пр. Республики 128 (телефон для справок: 99-79-98).

Напоминаем, что гражданам доступно 530 государственных услуг через фронт-офисы госкорпорации. Все фронт-офисы принимают граждан с 9:00 до 20:00 с понедельника по субботу, без перерыва на обед.

Құрметті қызмет алушылар!

Офис – майдан сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін дүйсенбіден сенбі бойынша, түскі үзіліссіз жұмыс істейтінін естеріңізге саламыз. Барлық мемлекеттік қызметтер бойынша кеңесті 1414 қысқа номері бойынша кеңес алуға болатынын қосымша хабарлаймыз.

Уважаемые услугополучатели!

Напоминаем, что наш фронт-офис работает с 9:00 до 20:00 без перерыва на обед, с понедельника по субботу. Дополнительно сообщаем, что консультацию по всем государственным услугам вы можете получить по короткому номеру 1414.

Халыққа қызмет көрсету орталығы

шаңырағына келгем. Сол мақаладан үзінді келтіргенім жөн болар. «Уағдаласқан уақыттан кешікпей Металлургтер даңғылының бойындағы он қабатты үйдегі пәтеріне барған мені Арғын Ақсақалдың өзі есік ашып қарсы алды. Сол бұрынғы қалпынша, еңгезердей алып денесі тіп-тік, жанары мейірім шуағын төгіп, сырттай көрген адамға ертегідегі емес, бүгінгі күннің нағыз батыры екендігін айтпай-ақ аңғартады. Ішімнен «тілім тасқа» деймін сүйсініп. Амандық-саулық сұрасып отырмыз. Артық ауыз әңгімеге жоқ, сөзге сараң кейпімен өткен өмірін бір шолып өтті...

Қазақстан Магниткасының жарты ғасырлық мерейтойы кең көлемде аталып өткені мәлім. Өзінің түлеп ұшқан ыстық ұясына әдейі арнап атбасын бұрған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жүрежарды құттықтауын жеткізе отырып, бірқатар майталмандарды орден-медальдармен марапаттаған болатын. Осы мерейтойда қаламыздың ардагер металлургі Арғын Жүнісов «Қазақстанның Еңбек Ері» атанды. Осыдан сәл бұрын мен:

...Бойындағы тасумен ғайып күшің,
Қашан көрсек жайдары,
байыптысың.

МЕНШІК ИЕСІ:

«Құрыш қала КЗ» газетінің
редакциясы» ЖШС
ДИРЕКТОР
Б. ОРДАБАЕВ

Бас редактор: Руза АЛДАШЕВА

Техникалық редактор:

Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.

Газет айына төрт рет шығады

Тапсырыс 64

Тиражы 700 дана.

Форматы А-3.

Көлемі 3 баспа табақ.

Офсетті басылым:

Газет «Құрыш қала КЗ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.

Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.

(Қарағанды к., Сәтбаев к., 15 үй). Индекс 65023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.

Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз:

khurysh_khala_KZ@mail.ru